

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 қазандағы N 1004 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 7-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында, реттік нөмірі 2-жолдың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелер қызметкерлерінің санын айқындау жөніндегі нормативтерді әзірлеу.";

7 - т а р м а қ т а :

"Тікелей нәтижелері" деген абзацта:

"1500", "4", "12" және "1000" деген сандар тиісінше "4930", "6", "14" және "1400" деген сандармен ауыстырылсын;

"- ақпараттық қауіпсіздік және мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері жөнінде бюллетеньдер дайындау - 1000 дана" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелер қызметкерлерінің санын айқындау жөніндегі нормативтерді әзірлеу.";

2) көрсетілген қаулыға 8-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында, реттік нөмірі 2-жолдың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- зертхананы жарақтандыру үшін қорғалған орындаудағы сертификатталған АЖО компьютерлерін сатып алу - 2 бірлік.";

7-тармақтың "Тікелей нәтижелері" деген абзацында "шуыл генераторлары - 89 бірлік, бұл ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарымен жарақтандыруға жататын мемлекеттік органдардың сұрау салуы жалпы санының 26%-ын құрайды;" деген сөздерден кейін "зертхананы жарақтандыру үшін қорғалған орындаудағы сертификатталған АЖО компьютерлері - 2 бірлік;" деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулыға 9-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің реттік нөмірі 1-жолының 5-бағаны мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Шредер сатып алу." .

7-тармақтың "Тікелей нәтижелері" деген абзацында "115 қызметкер үшін нысанды киім-кешек сатып алу және тігу (тозған киім-кешекті ауыстыру)." деген сөздерден кейін "Шредер сатып алу - 1 бірлік." деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*